

Аудан әкімі А. Смайыловтың Бұланды ауданының 90-жылдық мерейтойына арналған құттықтауы

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Бұланды ауданының құрылғанына 90 жыл толуымен құттықтаймын!

Макинск (1997 жылдың қарашасынан Бұланды) ауданы 1935 жылдың қаңтарында құрылып, орталығы Вознесенка ауылы болған екенін білеміз. Макинск ауданының құрылуына Қазақстанның солтүстігі мен орталығында өндірістік күштердің дамуы әсерін тигізгені де мәлім.

1945 жылдың мамыр айында Макинск жұмысшы поселкесі аудандық бағыныстағы Макинск қаласы болып өзгертілді. Халық санының өсуіне байланысты және өнеркәсіптік дамудың арқасында 1957 жылдың шілдесінде аудан орталығы Вознесенка ауылынан Макинск қаласына көшірілді.

Бұланды ауданы облыстың солтүстік бөлігінде орналасқан, солтүстігінде Бурабай ауданымен, солтүстік-батысында Сандықтау ауданымен, оңтүстігінде Ақкөл ауданымен, оңтүстік – батысында Астрахан, Атбасар ауданымен, оңтүстік - шығысында Біржан сал ауданымен шектеседі.

90 жыл ішінде ауданымызда оң өзгерістер орын алды. Халық санының артуына орай, көптеген тұрғын үйлер, әлеуметтік объектілер, кәсіпорындар бой көтеріп, инфрақұрылым дамып, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасалды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мен ірі және шағын бизнес дамыды.

Жері майса, суы мол, ораманды және берекесі жарасқан Бұланды ауданы күре жолдың бойында тұр. Бұл ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде бұландылықтар экономиканың негізгі салаларында табысқа жетіп, облыстың өркендеуіне үлес қосып келеді.

Өткенін ұмытпай, кемел келешекке зор үмітпен қараған Бұланды ауданының тарихын зерделеп, ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді дәріптеу, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, сол арқылы ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, жетістіктерімізді саралап, Бұландының қасиетті топырағында туып, елдің атын шығарған ерлерін насихаттау біздің парызымыз болып табылады.

Қадірлі жерлестер!

Болашақта да ауданымыз көптеген жетістіктерге жетіп, көптеген даму кезеңдерінен өтетіні сөзсіз. Осы жетістіктерден өту, аудан тұрғындарының әл ауқатын көтеру, сондай-ақ олардың тұрмыс тіршілігіне қолайлы жағдайлар жасау алдағы уақыттағы мақсаттарымыз.

Сіздерді ауданның мерейтойымен құттықтай отырып, әрбір шаңыраққа құт-береке, молшылық, бақыт тілеймің! Денсаулықтарыңыз мықты болып, ауданымыздың өркендеуінің куәгері бола беріңіздер демекпін!

Ауданымыздың құрылғанына 90 жыл

Биылғы жыл құтты мекеніміз Бұланды ауданының құрылғанына 90 жыл болып отыр. Аудан архивіндегі «Макин ауданының еңбекші депутаттары мен атқарушы комитеті» қорының түсініктеме жазуында Қазақ Орталық атқару комитеті президиумының 1935 жылғы 9 қаңтардағы қаулысымен Қарағанды облысының Щучинск ауданының ықшамдалуына байланысты Макин ауданы құрылды деген. Ал, 1935 жылдың 31 қаңтардағы Бүкіл одақтық атқару комитетінің қаулысы бойынша Қарағанды облысының құрамына енген жаңа 8 ауданның бірі Макин ауданы болды. Қарағанды облысының атқару комитетінің «Қарағанды облысының жаңа төменгі аудандарын бекіту туралы» 1935 жылғы 10 ақпанындағы № 7-12 қаулысына сәйкес Макин ауданының құрамына 14: Аршалы, Белоцерковка, Вознесенск, Ерголь, Ивановка, Капитоновка, Карамышевка, Қыстау-қарағай, Макин, Неміс, Новокиевка, Отрадний, Пушкин, Суворов селолық (ауылдық) Кеңестері кірді. Ол кезде аудан аумағында 75 ауыл мен село, 2 жұмысшы поселкесі болып, 18471 адам өмір сүрді. Ауданның әкімшілік орталығы Вознесенка селосы болды.

БОАК-нің 1936 жылғы 29 шілдедегі № 50-12 қаулысымен Макин ауданы Солтүстік Қазақстан облысы құрамына беріліп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1939 жылғы 14 қазандағы Жарғысымен Макин ауданы Ақмола облысының құрамына енді.

Макин ауданы құрылған кезде аудан орталығы Вознесенка селосы болуы дұрыс шешім болатын. Бұл таңдау елді мекендердің орналасуын, колхоздарды басқару тиімділігінен туған еді. Кейін аудан өмірінде үлкен экономикалық өзгерістер пайда болды.

Аудан құрамындағы 25 колхоз 40 мың гектар жерге дәнді дақылдар егіп, 4526 бас ірі қара өсірген. Макин және Сталин машина тарактор станциялары колхоздарға техникалық көмек көрсеткен. Аудан орталығында 30 абоненттік телефон станциясы болыпты. 25 колхоздың жетеуінде ғана аудан орталығымен телефон байланысы болды. Он бес орындық аудандық ауруханада бір дәрігер мен екі фельдшер қызмет етті. 1935 жылдың мамыр айынан «Колхозный набат» 1936 жылдан бастап «Ленинский путь» атты аудандық газет басылманын шықты.

1929 жылы Көкшетау – Ақмола темір - жолы салынған кезде «Макинск» станциясы пайда болды. Жұмысшы поселкесі тұрғындарының



саны Ұлы Отан Соғысы жылдары кезінде күрт өсті. Оған себеп 1942 жылы Мичуринск қаласынан эвакуацияланған «В. И. Ленин» атындағы поршень сақиналары зауытының 1500 жұмысшысы өз отбасыларымен Макинқа қоныс аударған болатын. Ұлы Отан соғысынан кейін зауыттың өнімі әлемнің 20 астам мемлекетіне экспортқа шығарылды. Омск тас карьері, «Қазақ алтын» тресінің базасы, Дала геологиялық барлау экспедициясы бірлестігі, Тың машина сынау станциясы тағы да басқа ірі кәсіпорындар ауданымыз бен қаламыздың өсіп, дамуына зор үлесін тигізген болатын.

1945 жылдың 18 мамыр күні Макинск поселкесіне аудан дәрежесіндегі қала мәртебесі берілді. Уақыт өте аудан басшылығы әкімшілік орталығын Вознесенка селосынан Макинск қаласына көшіру мәселесі туды...

1956 жылдың 27 қарашасындағы Макин аудандық Коммунистік партия комитетінің бюросы және Еңбекші депутаттары кеңесінің аудандық атқару комитетінің біріккен отырысында аудан орталығын Вознесенка селосынан Макинск қаласына көшіру туралы шешім қабылданды. Ол кезде ауданның 49 600 тұрғынының 30600 Макинск қаласында өмір сүрді. Өнеркәсіп пен транспортта жұмыс

2025 год для Буландынского района юбилейный - исполняется 90 лет со дня его образования. Согласно архивным данным, в пояснительной записке фонда «Депутаты трудящихся и исполком Макинского района» сказано, что Макинский район создан в связи с уплотнением Щучинского района Карагандинской области по решению Президиума ВЦИК от 9 января 1935 года. По постановлению ВЦИК от 31 января 1935 года Макинский район вошел в число новых 8 районов, включенных в состав Карагандинской области. Согласно постановлению № 7-12 от 10 февраля 1935 года исполкома Карагандинской области «Об утверждении новых нижних районов Карагандинской области», в состав Макинского района вошли: Аршалы, Белоцерковка, Вознесенск, Ерголь, Ивановка. В состав вошли Капитоновский, Карамышевский, Кыстау-Карагайский, Макинский, Немецкий, Новокиевский, Отрадненский, Пушкинский, Суворовский сельсоветы. На территории района на тот момент насчитывалось 75 сел, 2 рабочих поселка и проживало 18 471 человек. Административным центром района было село Вознесенка. Постановлением ВЦИК от 29 июля 1936 года - был включен в состав новообразованной Северо-Казахстанской области. Указом Президиума ВС СССР от 14 октября 1939 года - был передан в состав Акмолинской области.

істенгендердің саны 10 мыңнан асып, еңбек еткен колхозшылардан (52,8%) артық болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1957 жылғы 30 шілдедегі Жарғысымен Макин ауданының әкімшілік орталығы Вознесенка селосынан Макинск қаласына көшірілді.

Ауданымыз 1963 жылы жабылып кейін 1964 жылы қайта ашылған кез де болды.

«Ақмола облысындағы жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерді қайта атау және олардың транскрипцияларын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 қарашадағы № 3759 Жарлығына сәйкес Макин ауданы Ақмола облысының Бұланды ауданы болып қайта аталды.

Б. ҚОЖАҚАНОВ, аудандық архив директоры.

Министр по чрезвычайным ситуациям РК посетил Буландынский район

В рамках модернизации системы спасательных служб Казахстана в городе Макинск Акмолинской области открылось новое специализированное подразделение, объединяющее функ-

ции пожарных и медицинского персонала. Этот шаг стал важным элементом пилотного проекта, направленного на улучшение взаимодействия спасательных служб и повышение оперативности реагирования на чрезвычайные ситуации.

Министр по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан генерал-майор Чингис Аринов, в конце прошлой недели, лично посетил обновленную пожарную часть №8 в Макинске и ознакомился с результатами капитального ремонта и модернизации. Пожарная часть, построенная еще

в 1964 году, была полностью обновлена в рекордные сроки - всего за несколько месяцев с октября прошлого года. Сегодня она является примером современного подхода к обеспечению безопасности региона.

Продолжение на 6 стр.





ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМІ

«Жақсы ой мен жақсы сөз - жақсы істерге жетелейді» - Ыбырай Алтынсарин



Маңызды жол

Психологиялық қызмет білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайлары бойынша орта білім беру ұйымының алқалы органы болып табылады.

Психологиялық қызметтің жұмысы

білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сақтау және

нығайтуға бағытталған. Педагог-психолог өз қызметін диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жүзеге асырады. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің құрамына орта білім беру ұйымы басшысының (директордың) орынбасары, педагог-

психолог (штаттық кестеге сәйкес), әлеуметтік педагог кіреді.

Психологиялық қызметтің құрамы орта білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен реттеледі және бекітіледі.

Сынып жетекшілері, тәрбиешілер, кураторлар, пән мұғалімдері, медицина қызметкерлері білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне

қатысады және лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасайды. Әр жылдың басында білім беру ұйымдары психологиялық қызмет жұмысына бұйрық шығарады (бұйрық тіркеу).

Ғ. БАИТОВА, аудандық әдістемелік кабинетінің әдіскері, «Ғажайып әлемі» жобасының авторы.

Психология апталығы



3. Психология апталығы білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары негізінде тақырыбы, идеясы және ұраны болуы керек.

Бұланды ауданында өткен жылдың аяғында Психология апталығы өтті. Аудандық әдістемелік кабинет аудан педагогтарына осы аптаға арналған үлгі жоспарын, психология апталығын өткізу бойынша ұсыныстар, квест-ойындар, іс-шараны өткізу үшін мұғалімдерге арналған тренингтер әдістемесін ұсынды.

1. Психология апталығы білім беру ұйымдарында оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру, білім алушылардың психологиялық салауаттылығын қалыптастыру және сақтау үшін жағдай жасау мақсатында психологиялық қызмет мамандарымен жүзеге асырылады.

2. Психология апталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» № 377 бұйрығына негізделіп өткізіледі.

Психология апталығына психологиялық қызмет мамандары жауапты. Апталықтың



Практикалық бөлім

«Digital Kazakhstan: заманауи білім беру»

Аудандық әдістемелік кабинетінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес семинар, отырыстар, дөңгелек үстел онлайн және офлайн форматта өткізілуде. «Digital Kazakhstan: заманауи білім беру» тақырыбында секциялық отырыс өтті. Жыл сайын мектеп психологтары бірнеше әдістеме бойынша, мектептегі мазасыздық деңгейін диагностикалау бойынша психикалық жағдайларды өзін-өзі бағалау диагностикасын жүргізеді.

Пайдалы тренинг талқылау алаңына айналды



Астана қаласының АРС жастар қоғамдық қоры Макинск қаласының мектеп-гимназиясында «Буллинг, әлеуметтік тәуекелдер мен суицидтің алдын алу бойынша» тақырыбында буллинг, кибербуллинг және суицидтің алдын алу мәселелері бойынша оқыту өткізді, директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларының қатысуымен әлеуметтік педагогтар, педагог-психологтар, 8-11 сынып жетекшілері қатысты. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша «АРС» жастар қоғамдық қоры (ауылдың Рухы Самғасын) ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы филиалының өкілімен бірлесіп жұмыс атқарылды. Кеңесбеков Ерсұлтан Ержанұлы – «Буллингтің алдын алу» жобасының жетекшісі, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы филиалының штаттан тыс оқытушысы, Алтай Мұхтарұлы Сиярбаев-мотивациялық жаттықтырушы, бизнес-жаттықтырушы, әлеуметтанушы-психолог, Әсем Асаинова - Ақмола облысы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, Әбидоллақызы Бағдат Бұланды ауданы прокуратурасының прокуроры қатысты. Оқытуға ауданның 115 педагогы қатысты, онда теориялық бөлімде буллинг пен суицидтің түрлері, рөлі және алдын алу мәселелері талқыланды, оқушылармен сұхбаттасып сауалнама жүргізді.



«Отбасы мен балабақша»: психолог кеңесі

«Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге» Жүсіпбек Аймауытов.

Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл - қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі - ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы. Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Балаға ата - ана тәрбиесінің орнын ешнәрсә алмастыра алмайды. Отбасы - өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметтің мақсаты - баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.

- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету.

- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым - қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету.

Ұлы педагог А. С. Макаренко: «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата – ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата – ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген. Отбасы - барлығының басы, жан - жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты.

Отбасындағы ата - ана мен баланың қарым - қатынас нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше - баланың алғашқы тәрбиешілері. Ата - аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым - қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата - ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата - ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Ерболат Шағуан / Қараөзек ауылы ЖОББМ педагог-психологі.

2024 жылдың қорытындылары



Жеңістердің шығармашылық қоржыны толтырылды!

5-11 сынып оқушыларына арналған «Қауіпсіз интернет» Республикалық байқауға аудан мектептерінің 26 оқушысы қатысты.

I орын: Элдана Алдабергенова, педагог-психолог Макинск қ. № 2 Жалпы орта білім беретін мектебі; Арайлым Съезхан, Қараөзек ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі; Арай Бағзи, Қараөзек ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі; Надежда Облакова, Капитоновка ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі.

II орын: Анель Қалиева, Вознесенка ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі; Мария Морозова, Макинск қ. №1 Жалпы орта білім беретін мектебі; Маргарита Черненкова, Макинск қ. №1 Жалпы орта білім беретін мектебі; Ақниет Тұрсынбек, Айнакөл ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі.

III орын: Айдана Арқылықызы, Макинск қ. № 2 Жалпы орта білім беретін мектебі; Айжұлдыз Құрметхан, Алина Духовская, Снежана Қарымсақова, Назира Камаш, Виктория Стихилия, Назым Байкельді, Кенжегүлім Төлеген, Шубарағаш ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі. Біздің жүлдегерлерді шын жүректен құттықтаймыз!



ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМІ

«Жақсы ой мен жақсы сөз - жақсы істерге жетелейді» - Ыбырай Алтынсарин



Жалғасы. Басы 4 бетте.



«Хакатон» облыстық конкурсы

Отрядный ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі педагог-психологі Т. П. Сайбель «Хакатон» облыстық конкурсына қатысып, сертификатқа ие болды. Психологиялық Хакатон қорқыту, кибербуллинг, эмоционалдық қиындықтар және оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қақтығыстықтар сияқты мектеп ортасындағы психологиялық мәселелерді шешуді бағытталған.

Үздіктер жүлделерімен қуантты!

«Ақберен» республикалық өнер байқауының облыстық кезеңінен аудан оқушылары жеңіспен оралды!

- 1.«Ақындар айтысы» номинациясы бойынша I-дәрежелі дипломмен Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Нұрғиса Елешұлы Республикалық кезеңге жолдама алды.
2. «Шешендік, білгірлік сайысы» номинациясы бойынша Макинск қаласы Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің 9 -сынып оқушысы Фариза Бахытбекқызы III-дәрежелі дипломмен марапатталды.



«Сөз маржан» байқауы

Облыстық «Сөз маржан» Collaboration Fest байқауы аяқталып, жеңімпаздар аталды. Байқаудың облыстық кезеңінде Бұланды ауданынан 3 оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

I орынға ие болған - Макинск қаласының мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы Сымбат Тойғұлы, жетекшісі Шерияздан Рина.

II орын - Зарина Алшынбаева, Макинск қаласының мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы, жетекшісі Шерияздан Рина.

III орын - Мұслима Жантемір, Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің 8 сынып оқушысы, жетекшісі Анкей Ханат. Айша Муратова Макинск қаласының мектеп-лицейінің 2 сынып оқушысы Мақтау қағазына ие болды.

Республикалық кезеңде Сымбат Тойғұлы жүлделі орынға ие болды!

Дайындаған педагог - Шерияздан Ринаға байқаудың республикалық кезеңіне жүлдегер дайындағаны үшін алғыс айтамыз. Шығармашылық табыс пен жаңа жеңістер тілейміз!

Тіл – білімнің кілті

Өзге ұлт өкілдерінің оқушылары арасында «Тіл - тәуелсіздік тұғыры» атты қазақ тілінен Республикалық олимпиадасына Бұланды ауданының 81 оқушысы қатысты. Республикалық кезеңнің қорытындысы бойынша келесі жүлдегерлер топты жарып шықты:

2 орын: Анастасия Швецова, Вознесенка ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі, 8 сынып оқушысы;

Мария Циммерман, Алакөл ауылының Жалпы негізгі білім беретін мектебі, 7 сынып оқушысы;

Виталина Утешева, Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі, 6 сынып оқушысы;

3 орын: Анастасия Наталухина, Новобратский ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі, 7 сынып оқушысы;

Юлия Говоркова, Макинск қаласының №1 Жалпы орта білім беретін мектебі, 7 сынып оқушысы;

Елизавета Мельник, Макинск қаласының №1 Жалпы орта білім беретін мектебі, 5 сынып оқушысы;

София Пушкарская, Макинск қаласының №1 Жалпы орта білім беретін мектебі, 5 сынып оқушысы;

Екатерина Сабурова, Макинск қаласының №1 Жалпы орта білім беретін мектебі, 7 сынып оқушысы;

Мария Шаповалова, Макинск қаласының №1 Жалпы орта білім беретін мектебі, 6 сынып оқушысы;

Анжелика Дорощ, Никольск ауылының №2 Жалпы орта білім беретін мектебі, 6 сынып оқушысы;

Кирилл Смирнов, Никольск ауылының №2 Жалпы орта білім беретін мектебі, 5 сынып оқушысы;

Алина Егорова, Макинск қаласының мектеп-лицейі, 8 сынып оқушысы.

Республикалық олимпиадаға қатысушыларды жоғары жетістіктерімен құттықтаймыз.



Үш бәйтерек – үш арыс

Қазақ әдебиетінің үш бәйтерегі Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиннің 130 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып отырған II Республикалық «ҮШ БӘЙТЕРЕК» байқауының жеңімпаздары аталды.

Республикалық кезеңде орын алғандар:

I орын - Жұмағали Шұғайыпұлы, Алтынды ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі;

Лашын Цөгтебек, Макинск қаласының №2 Жалпы орта білім беретін мектебі, Анастасия Рейфергест, Макинск қаласының №2 Жалпы орта білім беретін мектебі,

Элиза Султыгова, Макинск қаласының №2 Жалпы орта білім беретін мектебі, Софья Лебедева, Макинск қаласының №2 Жалпы орта білім беретін мектебі, Акрам Тукаев, Ангелина Доценка, Воробьевка ауылының Жалпы негізгі білім беретін мектебі

оқушылары.

II орын - Дильназ Ырықпал, Макинск қаласының мектеп-гимназиясы, Эвелина Бубликова, Макинск қаласының №1 Жалпы орта білім беретін мектебі, Дильназ Арықпан, Алтынды ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі, Жұлдыз Жанасқызы, Қараөзек ауылының Жалпы орта білім беретін мектебі.

Баланы буллингтен қалай қорғауға болады?

1. Балаңызбен сенімді қарым-қатынас орнатыңыз және сақтаңыз:

- Біз балаларды тәрбиелеуде мұндай тәсілді қолданбауға кеңес береміз: баланы жақсы жаңалық үшін мақтау және жаман әдеті не қылығы үшін сынау. Әйтпесе, олар сізбен тек оң реакция болатын ақпаратпен бөліседі.

- Егер бала сізге буллинг туралы айтса, буллинг мәселесін құнсыздандырмаңыз, балаға «ол өзі кінәлі/өзі кінәлі» деп айтпаңыз. Түсіністікпен қарап, мұқият тыңдаңыз.

- Баланың артында ешқандай әрекет жасамаңыз, оның келісімінсіз оның ісіне араласпаңыз. Оның ең үлкен қорқынышы - ата-аналардың келуімен

бәрі нашарлайды.

- Бұл жағдай туралы сынып жетекшісіне және оқу меңгерушісіне хабарлауды ұмытпаңыз. Мектеп басшылығы заң бойынша мектепте кез-келген физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтан бос қауіпсіз орта құруға міндетті.

2. Баланы өзіне деген сенімділікке тәрбиелеңіз:

- Баланы әділ және әділетсіз сынға жауап беруге үйретіңіз. Оған кез келген сын жеке реніш емес, тек бір жағдай туралы біреудің пікірі екенін жеткізу маңызды.

- Балаға өзін көрсете алатын әрекетті табуға көмектесіңіз. Өзіне сенімді балалар қорлаудың құрбаны болады, ал сүйікті ісіндегі сәттілік, тіпті

шамалы болса да, егер ол орын алса, агрессияның салдарын оңай жеңуге көмектеседі.

3. Баламен ғана емес, топпен де жұмыс жасаңыз: «Назар аударма» және «оларды қайтару» кеңестерін ұмытпаңыз. Бала теріс пайдаланушымен қарым-қатынас жасай алады, бірақ ол ұжымда қорлау мен қорлау - бұл эмоцияны білдірудің жалпыға бірдей тәсілі болатын жағдайды өзгерте алмайды.

4. Балаңызды агрессияны қабылдауға үйрету:

- Балаңызды қорлаудың барлық жағдайларын талқылаңыз және арандатуларға қалай дұрыс жауап беруге болатындығын үйретіңіз. Нәліктен сабырлылық пен парасаттылық құқық бұзушыларды

басты нәрседен - қорлаудың көрінетін нәтижесінен айыратындығын түсіндіріңіз.

- Басқа балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасаңыз. Көбінесе бұл ересектер арасындағы достық балалар арасындағы қарым-қатынастың себебі болады. Мұны істеу үшін мектептен кейін кафеге жиналуды немесе отбасыларымен киноға баруды ұсыну жеткілікті.

Балаларға кибербуллинг, Интернеттегі қауіпсіздік ережелері туралы, оны қалай анықтау және не істеу керектігі жайында түсіндіріңіз.

Ерболат Шағуан, Қараөзек ауылының Жалпы білім беретін мектебінің педагог-психологі.

Министр по чрезвычайным ситуациям РК посетил Буландынский район

Продолжение. Начало на 1 стр.



«Модернизация пожарных частей и создание уникальных подразделений, которые могут не только проводить спасательные операции, но и оказывать медицинскую помощь, - это важный шаг в укреплении безопасности наших граждан. Этот проект в Макинске - только начало. Мы продолжим развивать и модернизировать спасательные подразделения по всей стране», - отметил министр Чингис Аринов.

Одной из ключевых особенностей нового подразделения является интеграция функций пожарных и медиков, что значительно повышает оперативность и эффективность реагирования на чрезвычайные ситуации. В рамках модернизации были также улучшены условия труда спасателей: обновлено здание, создано современное обустройство служебных и бытовых помещений, включая душевые, кухню, санузлы и комнаты отдыха. В дополнение к этому был оснащен бокс для техники и тренажерный зал ведомственного клуба «BATYR TEAM».

Еще одной важной частью модернизации стало создание медицинского кабинета, в который был передислоцирован трансферный микро-спасательный пункт с автодороги «Астана-Кокшетау». Современное оборудование медицинского блока позволяет повы-

сить качество экстренной помощи и создать комфортные условия для работы медперсонала.

В рамках модернизации весь личный состав нового подразделения был обеспечен новейшим форменным обмундированием и специальной техникой.

В ходе мероприятия Чингис Аринов оставил памятную записку и напутственные слова в формуляре спасательного подразделения.

«Этот шаг - важный элемент в создании единой системы спасения и медицинского обслуживания. Мы уверены, что успех этого пилотного проекта откроет новые возможности для более быстрого реагирования на чрезвычайные ситуации и улучшения помощи пострадавшим», - отметил Чингис Аринов.

Новое подразделение обеспечит безопасность в нескольких близлежащих населенных пунктах, в которых проживает более 30 тысяч человек.

Спасатели также будут выезжать на участки автодорог и ликвидировать последствия аварий.

В завершение мероприятия Министр вручил ведомственные награды. Временно исполняющий обязанности начальника ДЧС Акмолинской области Бакытжан Алашов был награжден нагрудным знаком «Азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін». Руководитель ЧФ «ФОНД КАЗАХСТАНСКИХ СПАСАТЕЛЕЙ» Рашид Джанузакوف получил почетную грамоту, а благодарственные письма за высокий профессионализм получили водители СПЧ-8 Ерлан Арынгазин и Сергей Попов.

Министерство по чрезвычайным ситуациям продолжает активно



развивать материально-техническую базу и совершенствовать условия труда спасателей, создавая новые современные подразделения, оснащенные передовыми технологиями. Это позволит повысить оперативность реагирования на чрезвычайные происшествия и улучшить качество спасательных операций по всей стране.

По материалам пресслужбы МЧС РК.

Көкпар – ұлттық құндылық

Ауданымызда енді еңсесін тіктеп, тамырына қан жүгіріп келе жатқан ұлттық спортымыз көкпардан биылғы маусымашар ойындары басталды. Биылғы жылдың беташар ойыны жастар арасында яғни мектеп оқушылары арасында өтті. Макинск қаласы мен Қараөзек ауылдарынан келген 20-ға тарта жас тай, құндандарына мініп «бала көкпардың» көркін кіргізді. Қасат қарды ат тұяғымен тілгілеп, дүбірге бөледі. «Балалар» деген аты болмаса, тақымдары бекіп, кәдімгідей



төселген жастар көпшіліктің делебесін қоздырды. Түсіген жанға бала көкпардың өтуінің астарында үлкен мән, тәрбие жатыр. Баласының тақымын тайға бектікен қазақ үшін бұл жаңалық болмауы мүмкін, алайда қазіргі ұялы телефон тізгіндеп, ғаламтордың шырмауына түскен уақытта жас балалардың атқа мінуі біз үшін қуаныш. Жалпы, жылқыға жақын өскен баланың рухты, жүректі болатыны тарихтан белгілі. Ал, телефоннан көз алмайтын баланың сабырсыз, ашушаң, жасқаншақ болатынын қазіргі қоғам көрсетіп ақ жатыр. Зерттеуші Ә.Қалиұлы:

«Қазіргі көкпар тарту әуелде әлеуметтік мәні бар әскери машықтың қажетінен туған. Түрік қағандығы кезіндегі «дербес жасақты» осындай жаттығудан өтіп, сыналған жауынгерлерден жасақтаған. Әскери машықтың бұл түрі бейбіт күнде көкпар тарту ойынына ұласып отырған»-дейді.



Тағы бір болжамдарда «көкпар» сөзі қазақтың «көк бөрі» деген сөзінен шыққан дейді. Жігіттер дала тағысы қасқырды ат үстінде жүріп ұрып алып, бір-бірілеріне жалғап, көкпар тартып ойнаған дейді. Қандай дерек, қандай мәлімет айтылса да көкпар ойынының астында рух, қайсарлық, жігерлік жатқаны анық.

З. ЖАЙНАРБЕК.

Достойно защитили честь района на уровне области!

Пять буландыньских учеников стали лауреатами областного этапа республиканской предметной олимпиады, заслуженно получив дипломы II и III степени.

Это: ученица 9 класса Общеобразовательной школы №2 г. Макинска Анастасия Рейфегерт - 2 место по русскому языку (русский язык обучения), учитель Т. В. Голенко; ученица 10 класса Макинской школы-гимназии София Попова - 3 место по русскому языку (русский язык обучения), учитель С. В. Мамаева; ученица 11 класса школы-лицея им. Балуана Шолака Жулдыз Машанова - 3 место по русскому языку (казахский язык обучения), учитель Ж. С. Жаркина; ученик 11 класса школы-лицея г. Макинска Әділет Қазбеков - 3 место по истории, учитель А. Болат; учащийся 11 класса Общеобразовательной школы №1 г. Макинска Ломали Чаниев - 3 место по казахскому языку (русский язык обучения), учитель Г. А. Куанышева.



Поздравляем призёров, учителей и администрацию школ с успешным выступлением и призовыми местами! Желаем успехов и новых достижений!

А. АМАНЖОЛОВА.

Неотъемлемые атрибуты государственности

Государственные символы – это один из неотъемлемых атрибутов любого государства, олицетворяющих его идентичность и суверенитет. В Республике Казахстан государственными символами являются – Государственный Флаг, Государственный Герб и Государственный гимн.

Конституционный Закон «О государственных символах Республики Казахстан» был принят 4 июня 2007 года. В соответствии с этим Законом ежегодно 4 июня празднуется как день государственных символов в Республике Казахстан.

В соответствии с этим законом граждане

Республики Казахстан, а также лица, находящиеся на территории Республики, обязаны уважать государственные символы Республики Казахстан. Нарушение требований Конституционного закона при использовании и изображении Флага, Герба, а также при использовании текста и исполнении Государственного Гимна Республики Казахстан влекут административную ответственность, в соответствии со статьей 354-1 Кодекса РК «Об административных правонарушениях» (далее - КоАП РК).

Так, незаконное использование государственных символов РК влечет штраф в размере двухсот месячных расчетных показателей,

такая же мера ответственности предусмотрена за неиспользование государственных символов в случаях, когда их использование является обязательным. Согласно статьи 636 КоАП РК протокол об административных правонарушениях за нарушение использования государственных символов, рассматриваемый судами в соответствии со статьей 541 КоАП РК, имеют право составлять уполномоченные на то должностные лица органов внутренних дел. Законом запрещается использование изображения Государственных Флага и Герба в качестве геральдической основы флагов и гербов общественных объединений и других орга-

низаций, а Герба на бланках, печатях и других реквизитах негосударственных организаций и их должностных лиц. Однако, его изображение разрешено использовать на знаках различия и форменной одежде, установленных для лиц, состоящих на воинской или иной государственной службе, в качестве элемента или геральдической основы государственных наград Республики Казахстан. Изображение Флага может быть использовано в качестве элемента или геральдической основы государственных наград, банкнот и монет Национального Банка Республики Казахстан. Кроме того, необходимо обратить внимание на то, что

при использовании государственных символов (Флага и Герба) не допускается отсутствие одного из атрибутов, соблюдение их одноразовое расположение, а также очередность: Флаг, Герб, Гимн. Флаг и Герб должны соответствовать утвержденным государственным стандартам РК и приобретаться только у производителей, имеющих лицензии на право изготовления государственных символов РК, который размещен на сайте Комитета технического регулирования и метрологии МИНТ РК (www.memst.kz).

Отдел внутренней политики Буландынского района.

Бұланды ауданы Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі Жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Бұланды аудандық мәслихаты «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрінің бұйрығымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы үлгі ережені Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 ақпандағы № 69 қаулысымен Бұланды аудандық Қоғамдық кеңесін құру жөніндегі құрамы 5 адамнан тұратын мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар арасынан Жұмыс топарының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу мерзімі конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні, 2025 жылғы 17-30 қаңтар аралығында.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері Жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде немесе bulmaslihat@mail.ru электронды пошталына келесі құжаттарды жолдау қажет: 1) кандидатураны Жұмыс тобының құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтың өтініші; 2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтері; 3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама; 4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама; 5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісімді жібереді.

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі Жұмыс тобының құрамына кандидатураналар бойынша құжаттарды қабылдау Бұланды аудандық мәслихатының аппаратында 2025 жылғы 17 қаңтардан 30 қаңтарға дейін, сенбі және жеке сенбіден басқа күндері сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін жүргізіледі., үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Мекен-жайы: Макинск қаласы, Некрасов көшесі, 19, № 222 каб, 2-қабат. сондай-ақ электрондық мекен-жайға bulmaslihat@mail.ru, байланыс телефоны: 8 (71646) 2 14 41, 2 10 24.

Ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында Жұмыс тобының отырысына коммерциялық емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан байқаушылар қатыса алады.

Байқаушы болуға ниет білдірген тұлға 2025 жылғы 17 қаңтардан 30 қаңтар аралығында Бұланды аудандық мәслихатына Жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсқа байқаушы ретінде қатысу үшін 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді

ОБЪЯВЛЕНИЕ о проведении конкурса по отбору членов Рабочей группы по формированию Общественного совета Буландынского района

Мәслихат Буландынского района в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об общественных советах» от 2 ноября 2015 года, Типовым положением об Общественном совете, утвержденным Приказом Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года № 69, объявляет о проведении конкурса по отбору членов Рабочей группы по формированию Общественного совета Буландынского района в составе 5 человек, из числа представителей государственных органов и некоммерческих организаций, граждан.

Срок проведения конкурса составляет десять рабочих дней после даты опубликования объявления о конкурсе, с 17 по 30 января 2025 года. Граждане, представители некоммерческих организаций, желающие принять участие в конкурсе в течение пяти рабочих дней со дня размещения объявления о проведении конкурса по отбору членов рабочей группы, подают нарочно или направляют на электронный адрес bulmaslihat@mail.ru следующие документы: 1) заявление по форме согласно приложению 1 и (или) письменное предложение некоммерческой организации о выдвижении кандидатуры в состав рабочей группы; 2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных; 3) справка о наличии либо отсутствии судимости; 4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ; 5) согласие на сбор, обработку, распространение и публикацию персональных данных кандидата.

Прием документов по кандидатурам в состав Рабочей группы по формированию Общественного совета проводится в аппарате маслихата Буландынского района с 17 января по 30 января 2025 года ежедневно, кроме субботы и воскресенья, с 09.00 до 18.30 час., перерыв с 13.00 до 14.30 час. Адрес: г.Макинск, ул. Некрасова 19, каб.№ 222, 2-этаж., а также на электронный адрес bulmaslihat@mail.ru, контактные телефоны 8 (71646) 2 14 41, 2 10 24.

В целях обеспечения прозрачности и объективности на заседании Рабочей группы могут присутствовать наблюдатели из числа представителей некоммерческих организаций и средств массовой информации.

Лицо, изъявившее желание быть наблюдателем, предоставляет в маслихат Буландынского района, с 17 января по 30 января 2025 года заявление для участия в качестве наблюдателя на конкурс по отбору членов Рабочей группы, по форме согласно приложению 2.

АҚПАРАТТЫҚ БЕТ – ИНФОРМАЦИОННАЯ СТРАНИЦА

«Қарлы десант»: жастар жақсылық жасауда

Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығы 2025 жылдың алғашқы «Қарлы десант» акциясын іске қосты. «Қарлы десант» - жастар ресурстық орталығы өткізетін және бірінші кезекте ауланы қар құрсауынан өз бетінше тазалай алмайтындарға көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық акциясы. Аталмыш акция жасы ұлғайған кісілерге, сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсетуге бағытталған.

Әлеуметтік маңызы бар акция қысқы кезең аяқталғанға дейін жалғасады.

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.



Нормы языкового законодательства разъяснили предпринимателям района

Наружная реклама везде и повсюду, таково веление времени. Но, согласитесь, очень раздражает, когда на красиво оформленном баннере встречаются примитивные ошибки. Особенно часто они встречаются в текстах на государственном языке. О том, как должна оформляться наружная реклама, какие нормы должны быть выполнены, говорили в формате заседания круглого стола, организованный районным филиалом Палаты предпринимателей Акмолинской области.

На встрече были разъяснены нормы языкового законодательства и требования закона по применению наружной рекламы с акцентом внимания субъектов бизнеса на реализации государственных программ РК в части соблюдения грамотности текстов рекламных вывесок и визуальной информации и возможности получения от уполномоченного госоргана методической помощи по их оформлению в соответствии с действующим законодательством.

Польза от встреч такого формата очень большая. И представителям бизнеса, и курирующим государственным органам предоставляется возможность обсудить

все наблевшие вопросы, получить необходимую консультацию. Ведь размещение визуальной информации и деятельность рекламных агентств сейчас особо актуальны. Работа в данном направлении отделом продолжается.

О. КУРУМБАЕВА, главный специалист районного отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта Буландынского района.



Чтить историю, возрождая культуру

В своем выступлении на семинаре республиканской ономастической комиссии при правительстве страны сенатор Нурторе Жусип отметил, что новый период в развитии казахской топонимии характеризуется массовыми переименованиями и появлением на географической карте новых названий независимого государства.

Республиканская ономастическая комиссия занимается возрождением исконных названий и утверждением новых на территории Казахстана, проводимая работа в этом

направлении имеет огромное значение для всех казахстанцев.

Географические названия являются историческими свидетелями событий, происходивших в разных регионах и социумах. Казахстан, обладая богатым духовным наследием и мудростью народа, должен бережно относиться к своим топонимам, которые являются памятниками культуры и устного народного творчества.

Ономастическая работа занимает значимое место в государственной политике, особенно в вопросах суверенитета и независимости Казахстана. Что может быть более ценным в духовной жизни нации, чем ее история и культура? Исто-

рия местности, региона и государства в целом формируется из старинных исконных названий мест, городов и рек. Как отмечает сенатор Нурторе Жусип, именно поэтому работа ономастической комиссии имеет неопределимое значение в сохранении исторических корней и культурного наследия Казахстана.

Следует отметить, что в Буландынском районе также проводится работа в сфере ономастики, к которой подключены как компетентные государственные органы, так и представители общественности, занимающиеся изучением родного края, истории и культурного наследия.

А. АМАНЖОЛОВА.

Меры пожарной безопасности в быту

В большинстве случаев пожар – это не случайность, а результат легкомыслия и пренебрежения к правилам безопасности.

Запрещено:

Включать в электросеть неисправные приборы. Работающее устройство нельзя размещать рядом с предметами из дерева или другого легко сгораемого материала.

Использовать поврежденные розетки и выключатели.

Наносить на открытую электропроводку краску или закрывать ее обоями.

Прокладывать провода по батареям, дымоходам или другим нагревающимся поверхностям. Важно исключить попадание воды на провода.

Использовать самодельные предохранители.

Включать несколько электроприборов большой мощности в одну розетку.

Пользоваться газовым оборудованием при утечке газа. Устанавливать, ремонтировать и осматривать приборы должны специалисты. Если есть подозрения на утечку, следует перекрыть краны и вызвать аварийную службу.

Сушить одежду над плитой.

ОЧС Буландынского района.

Пожарная безопасность на автотранспорте

Пожары в легковых автомобилях свидетельствуют о том, что водители недостаточно подготовлены не только к их противопожарной защите, но и к действиям по ликвидации пожаров.

Очень важно своевременно обнаружить загорание и сразу принять меры к его ликвидации. Существуют факторы, которые предшествуют пожару. Это может быть запах бензина, горелой изоляции, дым из-под капота.

Пожары очень часто возникают из-за неисправностей в системе электропроводки. Поэтому необходимо обращать внимание на состояние изоляции и качество контактов. Все изменения или добавления в электри-

ческой системе должны быть качественно проверены, причем желательно квалифицированным специалистом.

При эксплуатации автомобиля со временем изнашиваются или рвутся топливные шланги, появляются неисправности в соединениях. Пары бензина быстро воспламеняются при наличии искры или просто при контакте с горячими поверхностями двигателя, выхлопного коллектора.

Современная отделка автомобиля в основном состоит из полимеров, пластика и других синтетических материалов, причем практически все они горючие. Газы, выделяющиеся при горении таких материалов, высокотоксичны.

Если ваш автомобиль загорелся во время движения, соблюдайте следующие правила поведения в автомобиле при пожаре: остановите автомобиль; выключите двигатель; освободите замок капота, но не открывайте капот; выведите всех пассажиров; позвоните «101» и вызовите пожарных.

Если это не опасно, попытайтесь воспользоваться имеющимся в машине огнетушителем. Не применяйте воду при тушении пожара в двигательном отсеке, так как это может вызвать короткое замыкание электропроводки или распространение горящего бензина и увеличение площади горения.

ОЧС Буландынского района.

Безопасность – превыше всего!

Уважаемые жители района!

В ночь с 18-го на 19-ое января весь православный мир будет отмечать праздник Крещения Господне. Поздравляя вас, земляки, с этим праздником, напоминаем о соблюдении правил безопасности поведения во время купания.

Для предотвращения несчастных случаев, травм во время участия в обряде христианского праздника необходимо придерживаться некоторых правил:

Осуществлять окувание только в специально оборудованных купелях. Такие места заранее согласовываются с чрезвычайными службами. Купание происходит организованно, и в случае возникновения сложностей существует возможность оказания квалифицированной помощи на месте. Любые алкогольные напитки запрещены. Также не допускается погружение в ледяную воду в состоянии алкогольного опьянения. Возьмите с собой удобную, непромокаемую и нескользкую запасную обувь. Воспользуйтесь ей, иди по дорожке к купальне. Не торопитесь, не бегите, так как риск поскользнуться и получить повреждения, велик. Ожидая своей очереди, прибегните к небольшой разминке. Прыжки, приседания, короткая пробежка поможет разогреть тело. Новичкам лучше не совершать плавательных движений. Спустившись в воду, достигните той глубины, которая вам нужна, и выходите. Неподготовленные люди могут не справиться с учащенным дыханием, возникающим, как защитная реакция на воздействие холодной воды. Противопоказанием при нырянии в порубь являются любые заболевания головного мозга и сосудов. При погружении полностью, сосуда рефлекторно резко сужаются, что может привести к инсульту, потере сознания. Для ныряний в ледяную воду требуется специальная предварительная подготовка в виде постепенного закалывания. Если этого нет, то организм может испытать шок от резкого изменения температурного режима. Новичкам рекомендуется не погружаться в купель с головой. Оптимальное время нахождения в проруби около 1 минуты. Это позволит избежать общего переохлаждения организма, которое может привести к простудным заболеваниям или пневмонии. При выходе воспользуйтесь помощью, так как есть риск сорваться со скользких ступеней и уйти под воду. Лучше воспользоваться страховкой в виде веревки с узлами. После купания не стойте на морозе. Разотрите себя сухим полотенцем, и наденьте теплую одежду. Рекомендуется в качестве профилактической меры выпить горячий травяной напиток или чай.

Берегите себя и своих близких!

ОЧС Буландынского района.

Набор на контрактную службу

Объединенный отдел по делам обороны Буландынского района и района Биржан Сал проводит набор на воинскую службу по контракту в ВС РК:

Требования, предъявляемые к лицам, поступающим на воинскую службу по контракту: иметь гражданство Республики Казахстан; контракт заключается с гражданами РК не моложе 19 лет, за исключением курсантов, и не старше возраста на пять лет младше придельного возраста состояния на воинской службе в зависимости от воинского звания, установленного настоящим Законом РК «О воинской службе и статусе военнослужащих» № 561 от 16.02.2012 года; отслужившие срочную воинскую службу, либо прошедшие обучение на военной кафедре высшего учебного заведения или военную подготовку в специализированных организациях Министерства обороны по подготовке военно-обученного резерва; контракт о прохождении воинской службы может заключаться, как с мужчинами, так и с женщинами на 3;5;10 лет с правом продления срока контракта до достижения придельного возраста.

Военнослужащие по контракту Вооруженных Сил Республики Казахстан имеют достойную заработную плату, социальный пакет. Офицеры, сержанты и рядовые, получают денежную компенсацию за аренду жилья. В условиях контракта содержится право гражданина на соблюдение его прав и прав членов его семьи, включая получение льгот, бесплатном медицинском обеспечении и другим социальным гарантиям в соответствии с Законом Республики Казахстан.

Проводится набор на воинскую службу по контракту сержантского и рядового составов в воинские части регионального командования «Астана расположены в городах: Караганда в/ч 46298, 85510, 31775, г.Приозерск в/ч 06705, 18405, пгт.Спаск в/ч 3635, г.Абай в/ч 35835, г.Костанай в/ч 99260.

Проводится отбор по контракту офицеров запаса медицинского состава для комплектования вакантных должностей в воинскую часть 55209 г.Акколь и вакантных должностей рядового состава в воинскую часть 75488 г. Актау, Карагандинскую область г. Сарань в/ч 44803

Желающие служить на контрактной основе могут обратиться по адресу: Объединенный отдел по делам обороны Буландынского района и района Биржан Сал, г.Макинск, ул.Сейфуллина, 3, кабинеты № 7, 8; тел: 2-34-33, где можно получить более подробную информацию. При себе нужно иметь: удостоверение личности, военный билет.

А. МУХАНЖАНОВ, начальник Объединенного отдела по делам обороны Буландынского района и района Биржан Сал.